


Фитнес-білезігінің

Xiaomi Mi Band 6



Құрылғыны пайдаланбас бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Құрылғыны шолу



а Фитнес-трекер




б Білезік



с Зарядтауға арналған кабель


Орнату

1. Фитнес-трекердің бір ұшын білезіктің алдыңғы бөлігіндегі ойыққа салыңыз.
2. Екінші ұшын саусақпен басып, фитнес-трекерді ойыққа толығымен итеріп кіргізіңіз.



Тағылуы

Білезікті білегіңізге ыңғайлы тұратындай тартыңыз, сүйек пен білезік арасына саусақ тығатындай орын болуы керек.



Пульс датчигі дұрыс жұмыс істеуі үшін оның қарама-қарсы жағы теріге тиіп тұруы керек.

Тері тыныс ала алатындай тағып жүруіңіз керек. Қатты тартпаңыз, бірақ салбырап та жүрмеуі тиіс. Физикалық жаттығуларды бастамас бұрын, білезікті тартыңыз, жаттығу аяқталған соң, кішкене босатып қойыңыз.



Өте жеңіл бекіту

Білезік білегіңізде еркін сырғып жүрсе немесе пульс датчигі көрсеткіш шығармаса, оны қаттырақ тартып қойыңыз.



Дұрыс бекіту

Білезік білекте ыңғайлы тұруы керек

Қосу

1. Қолданбаны жүктеп алып, орнату үшін QR кодын сканерлеңіз. Mi Smart Band 6 фитнес-білезігі қолданбасын жүктеп алып, оны пайдалана бастаңыз.




Mi Fit қолданбасының QR коды

(Android 5.0 немесе iOS 10.0 не одан кейінгі нұсқалармен жұмыс істейтін құрылғылар үшін)

2. Қолданбада өзіңіздің Mi akkaунтыңзға кіріңіз және білезікті телефонға қосу нұсқауларын орындаңыз. Білезік дірілдегенде және экранында қосу сұрауы пайда болғанда, сұрауды растаңыз.


Ескертпе. Телефондағы Bluetooth функциясы қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Қосу кезінде білезік телефонның жанында тұруы керек.




Қолданылуы

Құрылғымен жұптаған соң, білезік сіздің күнделікті іс-әрекеттеріңізді және ұйқы режиміңізді бақылап, талдай бастайды. Экранды түртсеңіз, оның жарығы жанады.

Жеке іс-әрекеттеріңіздің аналитикасын (PAI), физикалық жаттығулар туралы деректерді, пульс көрсеткіштерін және басқа функцияларды көру үшін экранды жоғары немесе төмен сипаңыз. Алдыңғы бетке оралу үшін оңға қарай сырғытыңыз.




Функцияларды көру үшін
жоғары немесе төмен
сырғытыңыз



Алдыңғы бетке оралу
үшін оңға қарай
сырғытыңыз


Бөлшектеу

Білезікті білектен шешіңіз. Екі ұзын ұстап тұрып, фитнес-трекер мен білезік арасында аздаған бос орын пайда болғанға дейін білезікті тартыңыз. Білезіктің алдыңғы жағындағы ойықтан фитнес-трекерді саусақпен итеріп шығарыңыз.



Құрылғыны қуаттау

Заряд деңгейі түсіп кете салысымен білезікті зарядтаңыз.



Сақтық шаралары

- Білезікпен пульсіңізді өлшеп жатқанда, білегіңізді қозғалтпаңыз.
- Mi Smart Band 6 фитнес-білезігінің судан қорғау деңгейі – 5 ATM. Оны душқа, бассейнге түскенде немесе жағадайда шомылғанда шешудің керегі жоқ. Бірақ оны саунада және су астында жүзу кезінде қолдануға болмайды.
- Сенсорлы түйме мен сенсорлы экран су астында жұмыс істемейді. Су тиген соң білезікті қолданбас бұрын, оның бетіндегі артық суды жұмсақ шүберекпен сүртіп алыңыз. Қолдану барысында білезікті қатты тартпаңыз және тиетін жері құрғақ болуы керек. Білезікті жүйелі түрде сумен шайып тұрыңыз
- Теріге тиген жері қызарып немесе ісіп кетсе, құрылғыны қолдануды дереу тоқтатып, медициналық көмекке жүгініңіз.

Техникалық сипаттамалары

Атауы: Mi Smart Band 6.

Үлгісі: XMSH15HM.

Фитнес-трекердің таза салмағы: 12,8 г.

Фитнес-трекердің өлшемдері: 47,4 x 18,6 x 12,7 мм

Білезік материалы: термопластикалық эластомер.

Ілгек материалы: алюминий құймасы.

Реттелетін ұзындық: 155–219 мм.

Үйлесімділік: Android 5.0 және iOS 10.0 немесе одан кейінгі нұсқалары

Батарея қуаты: 125 мАч

Аккумулятор түрі: литий-полимерлі

Кіріс кернеу: DC 5,0 В

Кіріс ток: 250 мА Max.

Қорғаныс класы: 5 ATM

Жиілік: 2400–2483,5 МГц

Максималды шығыс қуаты: ≤13 дБм.

Жұмыс температурасы: -10 °C ~ 50 °C.

Сымсыз қосылу: Bluetooth Low Energy 5.0 .

Сақтау, тасымалдау, іске асыру және кәдеге жарату

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын ғимаратында өндірушінің қаптамасына салып, +5 °C-тан +40 °C-қа дейінгі температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек.
Тұрғын-жайларда коррозия туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақау анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталған соң оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек.
Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келу жағдайларының алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Аньхуэй Хуами Информэйшн Тэктолоджи Ко., Лтд.
1201-кабинет, А4 ғимараты, Нэйшэнл Энیمейшн Индастри
Бэйс, № 800, Ванцзян батыс шоссесі, Жоғары
технологиялар аймағы, Хэфэй қаласы, Қытай.
Қытайда жасалған. ТМ: МІ.

Импорттер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан,
р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС,
Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа,
ғимарат 12, Қазақстан.

Өнім сипаттамалыры мен өнім туралы ақпарат
пайдаланушыға хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта
көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Өндірілген күні, кепілдік және пайдалану мерзімі құрылғы
қаптамасында көрсетілген.

Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз
жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинағында
ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік
мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол
тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған
жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының
қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу
немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі.

Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік
орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына
мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

